

"Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің аумақтық органдары мен мамандандырылған мемлекеттік мекемесінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 2-нұ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 265-НҚ бұйрығы

"Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 ақпанды № 515 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі туралы ереженің 19-тармағының 8) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің аумақтық органдары мен мамандандырылған мемлекеттік мекемесінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының 2021 жылғы 25 ақпанды № 2-нұ бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті туралы ережеде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

8. "Департаменттің заңды мекенжайы: 120000, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, 25А ғимараты".

2. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Кадр жұмысы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет миинистрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Агенттіктің Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментіне:

1) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты өздерінің интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде осы бұйрықтан туындастырылған қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**5. Осы бүйрек қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.**

*Қазақстан Республикасы*

*Қаржылық мониторинг*

*агенттігінің Төрағасы*

*Д. Малахов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК